

Атом энергиясын пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 93 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 442-V Заңымен
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 12.01.2016 № 442-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Мәтіндегі сөздер ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Осы Заң атом энергиясын пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеудің құқықтық негізі мен принциптерін белгілейді және адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, ядролық қаруды таратпау режимін, атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

мемлекеттік реттеу – уәкілетті органның ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нормалар мен қағидаларды әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу, атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет түрлерін лицензиялау жөніндегі және рұқсаттық бақылау жасау қызметі;

көму - ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайда радиоактивті қалдықтардың оларды қайта алу ниетінсіз орналастырылуы;

қадағалау - атом энергиясын пайдалану процесін реттеу мақсатында уәкілетті органның өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, лицензиялар мен халықаралық шарттар ережелерінің орындалуын тексеру жөніндегі іс-әрекеті;

орналастыру пункттері - радиоактивті заттарды сақтауға немесе радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған арнаулы тұрақты объектілер мен құрылыстар;

радиациялық қауіпсіздік - қызметкерлерге, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсерді белгілеген нормаларға сәйкес шектейтін шаралар кешенімен қамтамасыз етілген радиациялық жағдайдың жай-күйі;

радиоактивті заттар - құрамында ядросы өздігінен ыдырауға қабілетті химиялық элементтер бар материалдар;

радиоактивті қалдықтар - мөлшері мен құрамы нормативтік құқықтық актілермен реттелген мәннен асып түсетін радиоактивті заттардан тұратын, шаруашылық қызмет нәтижесінде пайда болған және одан әрі пайдалануға жатпайтын кез келген агрегаттық күйдегі материалдар мен заттар;

арнаулы ядролық емес материалдар - ядролық экспортты реттеудің халықаралық-құқықтық режиміне байланысты, заңнан туындайтын нақ сондай актілермен айқындалатын материалдар;

атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтер - ядролық материалдарды өндіру үшін пайдаланылатын ядролық қондырғылар, жабдықтар, технологиялар, радиоактивті заттар, арнаулы ядролық емес материалдар, иондандырушы сәуле көздері, сондай-ақ соларға байланысты қызметтер;

атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - атом энергиясы саласындағы мемлекеттік саясатты, ядролық қаруды таратпау мен Қазақстан Республикасында атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды реттеуді іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

алу деңгейі - белсенділік бөліністерінен көрінген шамалар кешені, бұл белсенділік жағдайында немесе одан төмен болғанда иондандырушы сәуле көздері қолданылып жүрген нормаларға сәйкес бақылаудан шығып кетуі мүмкін;

ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық жағынан қорғау - адамдардың ядролық материалдар мен қондырғыларға рұқсатсыз қол жеткізуіне жол бермеуге бағытталған ұйымдық және техникалық шаралардың біртұтас жүйесі;

сақтау - радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды пайдалану, қайта өңдеу немесе көму үшін қайтарып алу мүмкіндігін көздей отырып, оларды арнайы дайындалған жерлерге (соның ішінде арнаулы контейнерлерге) уақытша орналастыру;

пайдаланушы ұйым - атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар ұйым;

ядролық қауіпсіздік - ядролық авариялардың мүмкін еместігін белгілі бір ықтималдықпен қамтамасыз ететін ядролық объектінің өзіне тән ерекшелігі;

ядролық материалдар - бөлінетін (ыдырайтын) ядролық заттардан тұратын немесе оларды жаңғырта алатын материалдар;

ядролық қондырғылар - ядролық реакторлар, оның ішінде атом станцияларының, ғарыш және ұшу аппараттарының, көлік құралдарының реакторлары; өнеркәсіптік, эксперименттік зерттеу реакторлары, ядролық стенділер; ядролық материалдарды өндіруге, пайдалануға, қайта өңдеуге, тасымалдауға және орналастыруға арналған басқа да кез келген құрылыстар, кешендер, қондырғылар, жабдықтар мен техникалық құралдар.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының

2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану мәселелерін реттейтін өзге де заңдық және нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері:

атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

халыққа және қоршаған ортаға атом энергиясы объектілерінің әсері туралы ақпараттың алуға оңайлығы, объективтілігі және уақтылылығы;

Қазақстан Республикасы аумағына басқа мемлекеттердің радиоактивті қалдықтарын көмуге тыйым салу;

атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікке мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

атом энергиясын пайдаланатын объектілер қызметкерлерінің, сондай-ақ олар орналасқан аудандарда тұрып, еңбек қызметін жүзеге асыратын халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

радиациялық әсермен келтірілген зиянды өтеу;

Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатын, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де заңды тұлғалардың қатысуы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы аумағында заңды және жеке тұлғалардың атом қаруын әзірлеу, жасау, өндіру, сынау, сақтау және тарату мақсатында атом энергиясын пайдалану жөніндегі кез келген қызметіне үзілді-кесілді тыйым салынады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы объектілер мен субъектілер

Атом энергиясын пайдаланатын объектілер:

ядролық қондырғылар;

орналастыру пункттері;

алу деңгейінен жоғары иондандырушы сәуле көздері;

медициналық, оқу, зерттеу, коммерциялық, ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік, оның ішінде кен қазушы, қайта өңдеуші, сондай-ақ басқа да ұйымдарды қоса алғанда, иондандырушы сәуле көздерін пайдаланатын ұйымдар болып табылады.

Атом энергиясын пайдалану саласындағы субъектілер:

жеке тұлғалар;

өкілетті мемлекеттік реттеу, бақылау және басқару органдары;

атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызметпен айналысатын ұйымдар
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтің негізгі түрлері

1. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметке мыналар жатады:

атом энергиясын пайдаланатын объектілерді орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру, пайдалану, тоқтатып қою және пайдаланудан шығару;

иондандырушы сәуле көздерін алу деңгейінен төмен пайдаланатын сынақ зертханаларын техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген қызметті қоспағанда, атом энергиясын пайдалануға байланысты жұмыстарды атқару мен қызметтер көрсету;

ядролық материалдарды, иондандырушы сәуле көздері мен радиоактивті заттарды қолдану, құрамында осы материалдар мен заттар бар пайдалы қазбаларды барлау және оларды өндіру, сондай-ақ ядролық материалдарды, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды өндіру, пайдалану, қайта өңдеу, тасымалдау және орналастыру;

ядролық қондырғыларды, иондандырушы сәуле көздерін, ядролық материалдар мен ядролық заттарды пайдалана отырып ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;

атом энергиясын пайдалануды басқару;

ядролық жарылыстар өткізілетін жерлердегі қызметтің барлық түрлері;

атом энергиясын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық жағынан қорғау;

ядролық материалдарды, иондандырушы сәуле көздерін, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау;

ядролық материалдардың, технологиялар мен жабдықтардың, арнаулы ядролық емес материалдардың; қос мақсаттағы материалдардың, технологиялар мен жабдықтардың, иондандырушы сәуле көздерінің, радиоактивті заттардың экспорты мен импорты;

Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайды бақылау; ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті тасымалдау; мамандар мен қызметкерлерді даярлау және аттестациялау.

2. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметтің барлық түрлері мемлекет тарапынан үнемі бақылау арқылы жүзеге асырылады.

3. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Атом энергиясын пайдалану объектілеріне меншік

Меншіктің кез келген нысанындағы заңды тұлғалар ғана атом энергиясын пайдалану объектілерінің иелері бола алады.

2-тарау. Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік органдары

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атом энергиясын пайдалану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды мемлекеттік реттеуді, атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет түрлерін бақылауды және лицензиялауды және рұқсаттық бақылауды;

- 2) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) атом энергетикасы мен өнеркәсібін басқаруды және дамытуды айқындайды

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыреті:

- 1) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде және оны орындау үшін атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті регламенттейтін нормалар мен қағидаларды әзірлеу, белгілеу және қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласында лицензиялауды және рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;
- 4) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 5) өз өкілеттігін атқаруға байланысты инспекциялар жүргізу;
- 6) Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 7) ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерін мемлекеттік есепке алу мен бақылауды жүзеге асыру;
- 8) жеке және заңды тұлғалардан өздеріне жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуды және алуды жүзеге асыру;
- 9) осы Заңды бұзу фактілері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тарту туралы мәселелерді шешу үшін құқық қорғау органдарына материалдарды беру;
- 10) атом энергиясын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша және ядролық қаруды таратпау мен ядролық материалдарды бақылау проблемалары бойынша басқа мемлекеттердің өкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру болып табылады.
- 11) алып тасталды - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының құқықтары

Уәкілетті органның лауазымды адамдары тікелей өз міндеттерін атқару кезінде:

белгіленген тәртіп бойынша атом энергиясын пайдалану объектілеріне кедергісіз кіріп, олардың қызметін сипаттайтын құжаттарды алуға;

халықтың немесе қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қатер төндірген жағдайда заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметін тоқтата тұруға немесе тоқтату туралы мәселе қоюға құқылы.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

10-бап. Уәкілетті органның тәуелсіздігі

Уәкілетті орган атом энергиясын дамыту мен пайдалануға байланысты қызмет атқаратын өзге де атқарушы органдарға, ұйымдарға әкімшілік және қаржы жағынан тәуелсіз.

Уәкілетті органның лауазымды адамдардың қызметіне олардың қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде кедергі жасауға жол берілмейді.

3-тарау. Атом энергиясын пайдалану пайдалануға байланысты қызметтің міндетті шарттары

11-бап. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау

Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті түрде лицензиялануға жатады.

Уәкілетті органның атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет түрлеріне лицензиялардың қолданысын мынадай жағдайларда:

- 1) радиациялық авариялар және (немесе) авариялық жағдайлар кезінде;
- 2) тексерулер нәтижесінде анықталған, ядролық материалдармен,

радиоактивті қалдықтармен, иондандырушы сәуле көздерімен айналысу, оларды сақтау, тасымалдау, есепке алу және бақылау кезінде ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік талаптары бұзылған кезде;

3) анық емес мәліметтер табылған кезде;

4) уәкілетті органның нұсқамалары белгіленген мерзімдерде орындалмаған кезде алты айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқығы бар.

Лицензияның қолданысын тоқтата тұрған кезде уәкілетті орган лицензиатқа қолданысын тоқтата тұрудың себептері мен бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, лицензияны тоқтата тұру туралы шешімді жібереді.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Ядролық және радиациялық қауіпсіздік

1. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет халық денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау, иондандырушы сәуленің зиянды әсерінен жеке және заңды тұлғалар мүлкінің қорғалуы қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Пайдаланушы ұйым уәкілетті органға Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке байланысты кез келген авария және (немесе) авариялық жағдай туралы хабарлауға міндетті.

3. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті ядролық қондырғылармен, ядролық материалдармен, радиоактивтік қалдықтармен, радиоактивтік қалдықтар және (немесе) пайдаланылған ядролық отын сақтау қоймаларымен, алу деңгейінен жоғары радиоактивтік заттармен, құрамында алу деңгейінен жоғары радиоактивтік заттар бар немесе иондандырушы сәуле шығаратын (шығаруға қабілетті) аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуді немесе қандай да бір іс-қимылдарды, операцияларды орындауды қоса алғанда, атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет қауіпсіздігі саласындағы белгіленген нормалар мен қағидаларға сәйкес пайдаланушы ұйым қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

ядролық қондырғылар:

жалпы мақсаттағы ядролық қондырғылар;

ядролық отынды дайындау және өндіру жөніндегі қондырғылар;

реактордың түрі көрсетілген атомдық энергетикалық қондырғылар;

реактордың түрі көрсетілген зерттеу атом реакторлары.

Орналастыру пункттері:

жалпы мақсаттағы радиоактивтік қалдықтарды орналастыру пункттері (сақтау қоймалары);

белсенділігі жоғары радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймалары;

белсенділігі орташа радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймалары;

белсенділігі төмен радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймалары;
пайдаланылған ядролық отын қоймалары.

Заттар мен материалдар:
изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдар;
радиоактивтік элементтер құрамы, белсенділіктің шекті деңгейі және
радиоактивтік заттардың агрегаттық жай-күйі көрсетілген алу деңгейінен жоғары
радиоактивтік заттар.

Радиоактивтік қалдықтар:
белсенділіктің шекті деңгейі, қалдықтардың түрі және агрегаттық жай-күйі
көрсетілген белсенділігі жоғары радиоактивтік қалдықтар;
белсенділіктің шекті деңгейі, қалдықтардың түрі және агрегаттық жай-күйі
көрсетілген белсенділігі орташа радиоактивтік қалдықтар;
белсенділіктің шекті деңгейі, қалдықтардың түрі және агрегаттық жай-күйі
көрсетілген белсенділігі төмен радиоактивтік қалдықтар.

Өнеркәсіптік жабдық:
жалпы мақсаттағы өнеркәсіптік рентген жабдығы;
жалпы мақсаттағы өнеркәсіптік радиоизотоптық жабдық;
радиоизотоптық датчиктер мен өлшеуіштер;
рентгендік дефектоскоптар;
радиоизотоптық дефектоскоптар;
рентгендік анализаторлар;
рентгендік тексеріп қарау жабдығы;
радиоизотоптық тексеріп қарау жабдығы;
зарядталған бөлшектердің үдеткіштері негізіндегі тексеріп-қарау жабдығы;
зарядталған бөлшектердің өнеркәсіптік үдеткіштері.

Медициналық диагностикалық жабдық:
жалпы мақсаттағы медициналық рентген жабдығы;
медициналық рентгендік дентальдық жабдық;
медициналық рентгендік маммографиялық жабдық;
медициналық рентгендік ангиографиялық жабдық;
медициналық компьютерлік рентгендік томографтар;
медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдық;
зарядталған бөлшектердің медициналық үдеткіштері.

Медициналық терапиялық жабдық:
медициналық терапиялық рентген жабдығы;
медициналық рентгендік симуляторлар;
зарядталған бөлшектердің медициналық үдеткіштері;
медициналық гамма-терапиялық қондырғылар.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Радиоактивті қалдықтармен айналысу

1. Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын радиоактивті қалдықтардың бәрі олар потенциалды қауіп туғызуы мүмкін уақыт ішіндегі бүкіл кезеңде халық пен қоршаған ортаны радиациялық қорғауды қамтамасыз ететіндей түрде көмілуге тиіс.

2. Радиоактивті қалдықтарды орналастыру радиоактивті қалдықтардың пайда болуына алып келетін кез келген қызмет түрінің міндетті кезеңі ретінде жобалық және техникалық құжаттамада көзделуге тиіс. Радиоактивті қалдықтарды жинау мен көмуді ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ бұл қызметті жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган айқындайды.

3. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленген экологиялық талаптар сақталуға тиіс.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.01.09. № 213; 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық жағынан қорғау

1. Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық жағынан қорғау ядролық материалдармен операциялар жүргізілетін объектілердің құрылысын салудың, пайдаланудың және пайдаланудан шығарудың барлық кезеңдерінде, сондай-ақ сол материалдарды тасымалдау кезінде жүзеге асырылады.

2. Егер физикалық жағынан қорғау талаптарын орындауды қамтамасыз ететін шаралар қолданылмаса, ядролық қондырғылардың пайдаланылуына және кез келген дайындау, пайдалану, қайта өңдеу немесе сақтау сатысындағы ядролық материалдарға байланысты кез келген жұмыстың жүргізілуіне тыйым салынады.

3. Пайдаланушы ұйымдар ядролық материалдар мен ядролық қондырғылардың физикалық қорғалуын қамтамасыз етеді. Уәкілетті орган ядролық қондырғылар мен ядролық материалдардың физикалық қорғалуының қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерін есепке алу және бақылау

1. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздері мемлекеттік есепке алынып, бақылануға тиіс. Осы мақсат үшін уәкілетті орган ядролық материалдарды және иондандырушы сәуле көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйелерін құрады.

2. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйелері ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерінің қолда бар мөлшерін, олардың орналасқан жерлерін анықтауды, жоғалуына, рұқсатсыз пайдаланылуына және ұрлануына жол бермеуді, Қазақстан Республикасының уәкілетті органына, ал халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда халықаралық ұйымдар мен басқа да мемлекеттерге ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерінің болуы мен орын ауыстыруы туралы жедел ақпарат, сондай-ақ көздердің есептен шығарылуы мен көмілуі туралы, көздер мен ядролық материалдардың экспорты және импорты туралы мәліметтер беріп отыруды қамтамасыз етеді.

3. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздері пайдаланылатын қызметті жүзеге асыратын пайдаланушы ұйым олардың есепке алынуын және уәкілетті органға айқын деректер берілуін қамтамасыз етеді.

4. Ядролық материалдар мен иондаушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйелерін ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Ядролық қондырғылар мен орналастыру пункттері алаңдарын таңдау және оларды салу кезінде қауіпсіздікке қойылатын негізгі талаптар

Ядролық қондырғылар мен орналастыру пункттері алаңдарын таңдау және оларды салу атом энергиясын пайдалану саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен ережелер негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Ядролық қондырғы мен орналастыру пунктін салу туралы шешімді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті өкілді органдарының келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметі:

елдің және оның жекелеген аймақтарының шаруашылық міндеттерін шешу үшін оларға деген қажеттіліктерді;

аталған объектілерді орналастыру үшін атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен ережелерге сай келетін қажетті жағдайлардың болуын;

таяу орналасқан азаматтық және әскери объектілер тарапынан аталған объектілер қауіпсіздігіне қатер төнбеуін;

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптарды;

аталған объектілерді орналастырудың аймақтың өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық дамуы үшін ықтимал әлеуметтік және экономикалық зардаптарын ескере отырып қабылдайды.

Аталған объектілердің жобалық құжаттары міндетті түрде экологиялық, санитарлық және техникалық сараптамадан өтеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. № 213 Заңымен.

17-бап. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерін тасымалдау жөніндегі талаптар

1. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерін тасымалдау Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ядролық материалдар мен иондандырушы сәуле көздерін тасымалдау ережелері жүк жөнелтушілердің, тасымалдаушының және жүк алушының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, қауіпсіздік, физикалық қорғау шараларын, көлік оқиғалары мен аварияларға жол бермеу жөніндегі келісілген шаралар жүйесін, буып-түюге, таңбалауға және көлік құралдарына қойылатын талаптарды, ықтимал авариялардың зардаптарын шектеу және жою жөніндегі шараларды көздеуге тиіс.

18-бап. Пайдаланушы ұйымға қойылатын негізгі талаптар

1. Пайдаланушы ұйым ядролық қондырғының, иондандырушы сәуле көзінің, орналастыру пунктіннің қауіпсіздігі үшін, сондай-ақ ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды тиісті дәрежеде пайдаланбағаны үшін толығымен жауап береді. Ядролық қондырғының, иондандырушы сәуле көздерінің, орналастыру пунктіннің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік аталған объектілер басқа пайдаланушы ұйымға берілгенге немесе жаңа лицензия алынғанға дейін лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайдың өзінде сақталады.

2. Пайдаланушы ұйым:

атом энергиясының объектілерін пайдалану кезіндегі қызметтің барлық кезеңдерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жететіндей қажетті қаржыға, материалдық-техникалық және адам ресурстарына ие болуға;

атом энергиясын пайдаланатын объектілерді пайдаланудан шығаруға, аумақты жаңғыртуға, радиоактивті қалдықтарды көмуге, авариялық ахуалдың зардаптарын жоюға, адамдардың денсаулығы мен өміріне және қоршаған ортаға, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге

байланысты жұмыстарды атқаруға арналған шараларды қарастырып, оларды қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Пайдаланушы ұйым:

ядролық қондырғыны, иондандырушы сәуле көзін және орналастыру пунктін тек олар арналған мақсаттарға ғана пайдаланылуын;

ядролық қондырғыны, иондандырушы сәуле көзін және орналастыру пунктін пайдалануға берудің, пайдаланудың және пайдаланудан шығарудың барлық кезеңдерінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларын әзірлеу мен орындауды ұйымдастыруды және үйлестіруді;

ядролық қондырғыда, иондандырушы сәуле көздерінде және орналастыру пунктінде авариялық дайындық шараларын және аварияға қарсы шараларды, сондай-ақ аталған объектілер қызметкерлері, халық және қоршаған орта үшін авариялардың теріс салдарын азайту жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыруды;

атом энергиясын пайдаланатын объектілер қызметкерлерінің жеке дозаларын есепке алу және олардың өтемге құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

4. Пайдаланушы ұйымның персоналы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2007.05.07. № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтің экспорты мен импорты

19-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтің экспорты мен импортын жүзеге асыру

Атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтің коммерциялық мақсатта берілуін, сатылуын немесе сатып алынуын немесе коммерциялық емес сипатта берілуін қамтитын экспорты мен импортына уәкілетті орган бақылау жасайды және олар Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

20-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтің экспорты мен импортын жүзеге асыру тәртібі

Ядролық материалдардың, технологиялардың, жабдықтар мен ядролық қондырғылардың, арнаулы ядролық емес материалдардың, иондандырушы сәуле

көздерінің, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтардың экспорты мен импортын жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

5-тарау. Азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

21-бап. Азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың атом энергиясын пайдалану саласындағы құқықтары

Қазақстан Республикасының азаматтары, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар :

салынғалы отырған, жобаланып, салынып, пайдаланылып отырған және пайдаланудан шығарылатын атом энергиясын пайдалану объектілерінің қауіпсіздігі туралы, өздерінің тұратын немесе еңбек қызметін жүзеге асыратын жерлеріндегі радиациялық жағдайға бақылау жасау туралы, сондай-ақ алынған сәуле дозасы туралы атом энергиясын пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат алуға;

атом энергиясын пайдалану саласындағы саясатты, заң актілерінің жобаларын және бағдарламаларды талқылауға қатысуға;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жобалық құжаттарға қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге және қоршаған ортаның радиациялық жағдайына бақылау жасауға;

ядролық қондырғыларды сақтау және көму пункттерін белгіленген тәртіппен танысу мақсатында барып көруге;

ядролық немесе радиациялық авария нәтижесінде келтірілген залал мен зиянды осы аварияға жол берген пайдаланушы ұйым есебінен өтеттіруге;

сәуле алудың нормативтік шектік мөлшері артық болған жағдайда адам денсаулығына иондандырушы сәуленің теріс әсері үшін және қосымша қатер факторлары үшін заңдармен белгіленген тәртіппен пайдаланушы ұйым есебінен өтем алуға құқылы.

22-бап. Азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың атом энергиясын пайдалану саласындағы міндеттері

Азаматтар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар атом энергиясын пайдалануды реттейтін заңдарды сақтауға, атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің талаптарын орындауға, сондай-ақ атом энергиясын пайдалану жөніндегі ұйымдардың лауазымды адамдарының талаптарын орындауға міндетті.

6-тарау. Атом энергиясын пайдалану саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

23-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін жауапкершілік және дауларды шешу

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы белгіленген нормативтердің, стандарттар мен ережелердің бұзылуына, авариялардың пайда болуына жағдайлар мен алғышарттар жасалуына кінәлі азаматтар, лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

2. Ақпарат беруден негізсіз бас тартқаны үшін, ақпаратты қасақана бұрмалағаны үшін немесе жасырғаны үшін, сондай-ақ атом энергиясын пайдалану мәселелері жөнінде жалған ақпарат таратқаны үшін ұйымдардың, соның ішінде қоғамдық ұйымдардың (бірлестіктердің) және бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

3. Атом энергиясын пайдалану туралы заңдарды қолдану мәселелері жөніндегі даулар сот тәртібімен қаралады.

4. Уәкілетті органның шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін. Шағым беру уәкілетті орган қабылдаған шешімнің қолданылуын тоқтатпайды.

24-бап. Атом энергиясының объектілерін тиісті дәрежеде пайдаланбау салдарынан келтірілген зиянды өтеу

1. Атом энергиясының объектілерін тиісті дәрежеде пайдаланбау салдарынан азаматтардың денсаулығына, сондай-ақ олардың қайтыс болуына байланысты келтірілген зиян зардап шегушінің еңбек қабілетін жоғалту дәрежесі, оны емдеуге, денсаулығын қалпына келтіруге, науқасқа күтім жасауға жұмсалатын шығындар, Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес тағайындалған жәрдемақылар ескеріле отырып, зиян келтірушінің есебінен толық көлемінде өтелуге тиіс.

2. Заңды және жеке тұлғалар ұйымдар мен азаматтардың атом энергиясын тиісті дәрежеде пайдаланбауына байланысты, мүліктік шығындарды және меншік нысанына қарамастан ұйымдарға, авариялық-құтқару мен атом энергиясы объектілерін тиісті дәрежеде пайдаланбау зардаптарын жоюға қатысушы жеке адамдарға жұмсалған шығындарды зиян келтірушілерден заңдарда белгіленген тәртіп бойынша толық өтеуді талап етуге құқылы.

3. Атом энергиясы объектілерінің тиісті дәрежеде пайдаланылмауына кінәлі заңды және жеке тұлғалар жерді жаңғырту мен жердің табиғи құнарлылығын қалпына келтіруге жұмсалатын шығындарды қоса алғанда, жерге, суға,

өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды заңдарда белгіленген тәртіп бойынша өтеуге міндетті.

7-тарау. Халықаралық шарттар

25-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта атом энергиясын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК